

Қызылорда облысындағы жасыл екпелерді күтіп-ұстau және қорғau, қалалардың және елді мекендердің аумақтарын абаттандырудың қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қызылорда облыстық мәслихатының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 314 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 22 желтоқсанда № 5268 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облыстық мәслихатының 2017 жылғы 16 мамырдағы № 121 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облыстық мәслихатының 16.05.2017 № 121 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 05 шілдедегі кодексіне, "Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылышы және құрылым қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңына және "Жасыл екпелерді күтіп-ұстau және қорғau, қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абаттандырудың үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 235 бұйрығына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты

ШЕШІМ

ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қоса беріліп отырған Қызылорда облысындағы жасыл екпелерді күтіп-ұстau және қорғau, қалалардың және елді мекендердің аумақтарын абаттандырудың қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облыстық
мәслихатының кезектен тыс
41 сессиясының төрағасы
К. Әжібеков

Қызылорда облыстық мәслихатының
мәслихаты хатшысының
уақытша міндетін атқарушы
К. Бисенов
Қызылорда облыстық мәслихатының
2015 жылғы 23 қарашадағы
№ 314 шешімімен бекітілген

**Қызылорда облысындағы жасыл екпелерді күтіп-ұстau және қорғau,
қалалардың және елді мекендердің аумақтарын абаттандырудың
Қағидалары**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қызылорда облысындағы жасыл екпелерді күтіп-ұстай және қорғау, қалалардың және елді мекендердің аумақтарын абаттандырудың Қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі кодексіне, "Қазақстан Республикасының Жер кодексі" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы кодексіне, "Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы кодексіне, "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы" Заңына (бұдан әрі – Заң) және өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес өзірленді.

2. Қағидалар жасыл екпелерді күтіп-ұстай және қорғау, Қызылорда облысының аумақтарын абаттандыру саласындағы тәртіпті айқындайды және қатынастарды реттейді.

3. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) абаттандыру – сол немесе өзге аумақты құрылыш максаты бойынша қалыпты пайдалану үшін жарамды жағдайға келтіру, халықтың дені сау, қолайлы және мәдениетті өмір сүру жағдайын жасау максатында жүзеге асырылатын жұмыстардың және іс-шаралардың жиынтығы;

2) жасарту – қаңқалы және жартылай қаңқалы бұтақтарды қатты қысқарту, еркендерді сирету және реттеу, ағаштың ұш жағы мен бұталардың құргау салдарынан өзінің декоративтік сапасын жоғалтқан, сау дінді және сұнгекті жасарту үшін жарамды ересек ағаштардың кемінде 3,5 метр биіктікегі діндерін кесу;

3) жасыл алқап – түрлік құрамына қарамастан кемінде 0,125 га аумақта кемінде 50 дана ағашы бар көгалданырылған аумақ;

4) жасыл екпелер – азаматтық заңнамаға сәйкес жылжымайтын мұлік болып табылатын және қаланың бірыңғай жасыл қорын құрайтын табиғи өскен және жасанды егілген ағаш бұтақты және шөпті өсімдіктер;

5) жасыл екпелерді жою – жасыл екпелердің өсуінің тоқтауына әкелетін зақымдану;

6) жасыл екпелерді күтіп-ұстай және қорғау – жасыл екпелерді, көгалданырылған аумақтар мен жасыл алқаптарды құруға, сақтауға және өсіруге (оның ішінде жойылған немесе зақымдалған жасыл екпелерді өтемдік қалпына келтіруге) бағытталған құқықтық, әкімшілік, ұйымдық және экономикалық шаралар жүйесі;

7) жасыл екпелерді сақтау – абаттандыру және құрылыш жұмыстарының нүктесіне түсетең, аса құнды екпелердің тұқымдарын сақтауға бағытталған іс - шаралар кешені;

8) жалпы пайдаланымдағы жерлер – алаңдар, көшелер, тротуарлар, өтпе жолдар, жолдар, жағалаулар, саябақтар, скверлер, қала ормандары, желек жолдар, су айдындары, жағажайлар, зираттар және халықтың мұқтажын қанағаттандыруға арналған өзге де нысандар (жалпы пайдаланымдағы инженерлік жүйелер) үшін алынған және арналған жерлер;

9) көгалданырылған аумақ – табиғи жолмен өніп шыққан өсімдіктер орналасқан, жасанды жолмен жасалған бау-саябақ кешендегі және нысандар, желек жолдар, саябақтар, көгалдар, гүлдер орналасқан жер телімі;

10) қатты тұрмыстық қалдықтар – қатты түрдегі коммуналдық қалдықтар;

11) өтемдік көгалданыры – жойылған немесе зақымданған жасыл екпелердің орнына жасыл екпелерді отырғызу;

12) өтпе жол – тұрғын үйлер мен қоғамдық ғимараттарға, мекемелерге, кәсіпорындарға, шағын аудандар, орамдар, елді мекендер ішіндегі құрылыш нысандарына көлік құралдарының кіруін қамтамасыз ететін жол элементі;

13) тротуар – жаяу жүргіншілердің журуіне арналған, жолдың журу бөлігімен шектесетін немесе одан көгалмен немесе арық жүйесімен бөлінген жолдың элементі;

14) уәкілдепті орган - табиғатты пайдалануды, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын реттеу саласындағы функцияларды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы орған ;

15) ұйым – жүргізлетін жұмысқа қажетті қызметті жүзеге асыратын, материалдық және білікті еңбек ресурстары бар жеке кәсіпкерлік субъектісі немесе дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан астам пайзы мемлекетке тиесілі занды тұлға және олармен үлестес заңды тұлғалар ;

16) шағын сәулеттік нысандар – декоративтік сипаттағы және іс жүзінде пайдаланылатын нысандар (мұсіндер, субұрқақтар, барельефтер, гүл құмыралары, павильондар, күркелер, отырғыштар, құтылар, балалар ойындары және ересектердің демалысына арналған жабдықтар мен конструкциялар);

17) іргелес аумақ – ғимараттар, құрылыштар, қоршаулар, құрылыш алаңшаларының, сауда, жарнама нысандарына және занды немесе жеке тұлғалардың балансындағы, меншігіндегі, иелігіндегі, жалға алуындағы басқа объектілер шекараларына тікелей (периметрі бойынша 5 метр шекарадағы) жанасып жатқан аумақ.

2. Жасыл екпелерді күтіп-ұстау және қорғау

4. Республикалық және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда, жеке тұрғын үй және жеке меншік қосалқы шаруашылық аумақтарында, саяжайлар телімдерінде және коммуналдық қызметтердің қарауына жататын зираттардың телімдерінде өсетін жасыл екпелерді қоспағанда барлық жасыл екпелер бірынғай жасыл қорды құрайды және қорғалуға жатады.

5. Жасыл екпелердің тіршілік әрекетін қамтамасыз етумен үйлеспейтін көгалдандырылған аумақтарды және жасыл алқаптарды пайдалануға жол берілмейді. Көгалдандырылған аумақтарды дамыту елді мекенді көгалдандырудың ұзақ мерзімді кешенді сызбасына сәйкес жүргізіледі.

6. Көгалдандыру бойынша жұмыстың барлық тұрлерін жұмыс сызбаларына сәйкес бекітілген жобалар бойынша орындаған жөн. Көгалдандыру және абаттандыру жұмыстарын жүргізу кезінде Занға сәйкес сапасы және бекітілген жобаға, жұмыс сызбасына авторлық қадағалау жүргізіледі.

7. Жасыл екпелерді құтіп-ұстау көгалдандыру бойынша жұмыстардың негізгі түрлерін:

- 1) жасыл екпелерді отырғызу;
- 2) ағаштардың діңгек түбіндегі топырақты қыртыстарды қосыту, әктеу;
- 3) гүлдерді, көгалдарды орнату, арамшөптерді отау, шөптерді шабу;
- 4) вегетациялық кезең бойы жасыл екпелерді суару;
- 5) жасыл екпелерді қырқу, қайта отырғызу немесе көшіру (апаттық, қураған, жасамыс ағаштарды және бұтақтарды санитариялық кесу);
- 6) тыңайтқыштарды себү;
- 7) жасыл екпелердің зиянкестерімен және ауруларымен құресуді қамтиды.

8. Жасыл екпелерді қайта отырғызу жыл ішінде арнайы қайта отырғызу технологиясы сақталған жағдайда жүзеге асырылады. Жапырақты және қылқан жапырақты ағаштардың тиімді өсуі мақсатында оларды күз түскен кезеңнен бастап көктемнің бас кезіне дейін отырғызу ұсынылады.

9. Ағаштарды жасарту және қалың өсken ағаштарды сирету жұмыстары вегетация басталғанға дейін немесе күздің соңында жүргізіледі.

10. Құрылыш-монтаждау жұмыстарын жүргізу кезінде осы участкеде сақтауға жататын барлық екпелер олардың тиімді қорғалуын қамтамасыз ететін арнайы қорғаныш қоршаулар мен механикалық және өзге де зақымданулардан қорғалады.

11. Құрылыш салуға немесе басқа жұмыстар жүргізуге бөлінетін участкелерде жасыл екпелерді сақтау мүмкін болмаған жағдайда, жасыл екпелерді кесу немесе қайта отырғызу жүргізіледі.

12. Жасыл екпелерді кесу мынадай жағдайларда:
 - 1) бекітілген және келісілген қала құрылышы құжаттамасында көзделген

күрілістың нысандарын орналастыру үшін жағдай жасауды қамтамасыз ету;

2) инженерлік абаттандыру нысандарына, жер үсті коммуникацияларына
к ы з м е т к о р с е т ү ;

3) апарттық және төтенше жағдайларды, оның ішінде инженерлік абаттандыру ны сандарында жою;

4) жасыл екпелердің сапалық және түрлік құрамын жақсарту қажеттілігі;

5) адамның өмірі мен денсаулығы қауіпсіздігіне қауіп тәндіретін, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың мүлкіне залал келтіруі мүмкін ескі екпелерді санитарлық кесу жағдайларында жүзеге асырылады.

13. Жалпы пайдаланылатын жерлердегі және ғимараттар, құрылыштар, көп қабатты тұрғын үйлер аумақтарында желдің және табиғи сипаттағы өзге де оқиғалардың, жол-көлік апартары салдарынан ағаштар апатты құлаған жағдайда құлаған ағаштарды жинау, құлаған жерлерді уақтылы санитариялық тазалау және ағаш қалдықтарын шығару жер пайдалану құқығы шекарасындағы, сол аумак тиесілі ұйымға немесе қызмет көрсететін участекелері бойынша ұйымдарға жүктеледі.

14. Өскен немесе зақымдалған жасыл екпелер өздігінен құлаған жағдайда, кінәлі түлғаларды анықтау мүмкін болмаған кезде жасыл екпелерді қалпына келтіру жергілікті бюджет каражаты есебінен жургізіледі.

15. Қаланың және елді мекеннің аумақтарында өтемдік отырғызу жүргізу үшін уәкілетті орган арнайы телімдерді айқындайды.

16. Жалпыға ортақ және арнайы пайдаланылатын жерлерде өтемдік отырғызуларды жалпыға ортақ пайдаланылатын жерлерде көгалдандыруды, жасыл екпелерді күтіп-баптауды және күтіп-ұстауды жүзеге асыратын ұйымдар жургізеді.

3. Қалалар және елді мекендердің аумақтарын абаттандыру

1-параграф. Тазалық пен тәртіпті қамтамасыз ету

17. Жеке және занды тұлғалар барлық аумақта, оның ішінде жеке үй иелері аумақтарында тазалықты сақтайды және тәртіпті қолдайды, абаттандыру элементтерінің (жолдар, тротуарлар, көгалдар, шағын сәулет нысандары, жарықтандыру, су бұрулар) зақымдануына және бұзылуына жол бермейді.

18. Жергілікті жерлерді ағымдағы санитариялық күтіп-ұстауды осы саладағы қызметтің жүзеге асыратын үйымдар жүзеге асырады.

19. Барлық ұйымдық-құқықтық нысандардың жеке және занды тұлғалары, оның ішінде күрделі және уақытша объектілердің иелері:

1) дербес өз қаражаты есебінен немесе үйымдармен шарттар жасасу жолымен

бөлінген аумақты санитариялық күтіп-ұстайды және абаттандыруды қамтамасыз етеді ;

2) кез келген меншік нысандарына ұқыпты қарайды, мемлекеттік меншік нысандарына залал келтірген жағдайлар туралы тиісті органдарды хабардар етеді ;

3) көшелер мен үй нөмірлері көрсетілген тақталарды техникалық дұрыс жағдайда және тазалықта ұстайды ;

4) қоршауларды (шарбақтарды) және шағын сәulet нысандарын тиісті жағдайда (қоршаудың (шарбақтың) сыртқы жағын бояу, әктеу) күтіп-ұстайды.

2-параграф. Аумақтарды жинауды ұйымдастыру

20. Жалпыға ортақ пайдаланылатын орындарды жинау және күтіп-ұстайды наадай жұмыс түрлерін қамтиды :

1) ұсақ және тұрмыстық қоқыстар мен қалдықтарды жинау және шығару;

2) ірі көлемді қоқыстар мен қалдықтарды жинау және шығару;
3) с ы п ы р у ;

4) қамыс, қурай, шөптер және басқа да жабайы өсімдіктерді шабу және ш ы ғ а р у ;

5) қоршаулар мен шағын сәulet нысандарын жөндеу және сырлау.

21. Жалпыға ортақ пайдаланылатын аумақтарда орналасқан парктерді, саябақтарды, желек жолдарды, су айдындарын, жағажайларды, зираттарды, оның ішінде оларда орналасқан тротуарларды, жаяу жүргіншілер аймақтарын, баспалдақтарды жинауды занды және жеке тұлғалар мен осы обьектілерге қызмет көрсететін және пайдаланатын аумақтарды бекіту субъектілері жүргізеді.

22. Нысандардың меншік иелері жапсарлас аумақтарда (автотұрақтар, боксты көлікжайлар, ангарлар, қосалқы қойма құрылыштары, ғимараттар, сауда және қызмет көрсету нысандары) санитариялық тазалауды және жинауды коммуналдық шаруашылық ұйымдарымен қамтамасыз етеді немесе оны өз б е т і н ш е ж ү р г і з е д і .

23. Көшелер мен өтпе жолдардың бойында орналасқан тротуарларды, жолаушылар көлігінің аялдама алаңын жинауды жүру бөліктерін жинауға және күтіп-ұстаяуға жауапты ұйымдар жүргізеді.

24. Аялдама кешендерін және қоғамдық жолаушылар көлігінің аялдама алаңында оларға іргелес аумақтарды, ақылы автотұрақтар, көлікжайлардың аумақтарын, сондай-ақ кіреберіс жолдарды, іргелес аумақтарды жинауды және жууды олардың иелері жүзеге асырады.

25. Жол жөндеу жұмыстарын жүргізген кезде құрылыш қоқыстарын осы жұмыстарды жүргізген ұйымдар шығарады.

26. Су агатын желілерде ластануды болдырмау үшін су агатын коллекторларда, жауын сұын қабылдайтын құдықтарда және арық жүйесінде қоқыстардың тасталуына жол берілмейді.

27. Жер үсті инженерлік құрылыштарын пайдаланушы үйымдар мен иелері инженерлік желілердің қорғалатын аймақтарының шекарасында іргелес аумақтардың санитариялық күтіп-ұсталуын қамтамасыз етеді.

28. Көшелер мен өтпе жолдардан қарды шығару арнайы дайындалған аландарда жүзеге асырылады. Жергілікті атқарушы органдармен келісілмеген орындарға қарды шығаруға жол берілмейді.

29. Қарды уақытша жинау орындары қар ерігеннен кейін қоқыстардан тазартылуы және абаттандырылуы тиіс.

3-параграф. Қалдықтарды жинау және шығару

30. Жеке және занды тұлғалар, олардың қызметі нәтижесінде пайда болған өндіріс және тұтыну қалдықтары пайда болған кезінен бастап қалдықтармен қауіпсіз жұмыс істеуді қамтамасыз етеді. Жеке және занды тұлғалар қатты тұрмыстық қалдықтарға арналған контейнерлерде қатты тұрмыстық қалдықтарды жинақтайды.

31. Үйымдар қатты тұрмыстық қалдықтарды үәкілетті орган бекіткен кестеге сәйкес, белгіленген мерзімде жүзеге асырады. Кестелер қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау аландарында ілініледі.

32. Құрылыштарды және (немесе) жылжымайтын обьектілерді жөндеуді жүзеге асыратын жеке және занды тұлғалар құрылыш қоқысын кәдеге жарату шарттарын жасасуы қажет, оны белгіленген орынға өз бетінше немесе қоқыс шығаруды жүзеге асыратын үйымдармен шарт бойынша шығарады.

33. Үй иелерінің аумағында мамандандырылған көлік үшін ыңғайлы кірме жолдармен контейнерлерді орналастыруға арналған арнайы аландар болады. Контейнерлерді орнатуға арналған аландардың бетонды немесе асфальтты жабыны және қоршауы болады. Қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау үшін қақпағы бар контейнерлер қолданылады.

34. Қатты тұрмыстық қалдықтарға арналған контейнерлерге және контейнерлік аландарда құлді тастауға және жинауға жол берілмейді.

35. Қатты тұрмыстық қалдықтар қоқыс шығаратын көліктермен, кәрізденбеген үйлердің сұйық қалдықтары ассенизациялы-вакуумдық көліктермен шығалады.

36. Сұйық қалдықтар мамандандырылған автокөлікпен арнайы бөлінген орындарға шығарылады. Контейнерлер босатылғаннан кейін орындар залалсыздандырылатын ерітінділермен өндөледі немесе босатылған орындарда

өндөуден өткен тазаларына ауыстырылады. Контейнерлерді өндеу орындары тазалауға, жууға және залалсыздандыруға арналған, ыстық және сұық су өткізілген, судың ағып кетуі үйымдастырылған құрылғылармен жабдықталуы тиис.

37. Сұйық тұрмыстық қалдықтар мен ірі көлемді қоқыстарды қоқыс шығару құбырына тастауға болмайды.

38. Қоқыс шығару құбырын пайдалануды иелігінде тұрғын үй орналасқан пайдаланушы үйым жүзеге асырады.

39. Жеке тұлғалар контейнер аландары аумағында орналасқан, құрамында сынабы бар шамдар мен аспаптарды жинау үшін арнайы контейнерлерде істен шыққан құрамында сынабы бар шамдар мен аспаптарды қауіпсіз жинауды қамтамасыз етеді.

40. Контейнерлік аландарды және контейнерлерді пайдаланатын және оларға қызмет көрсететін үйымдар:

1) контейнерлік аландарды және оған іргелес аумақтарды тиісті санитариялық құтіп-ұстады қамтамасыз етеді;

2) оларға уақтылы жөндеу жүргізеді және одан әрі пайдалануға жарамсыз контейнерлерді аустырады;

3) қоқыс қабылдайтын камералардың, аландардың, сондай-ақ қалдық жинағыштардың тұрақты жуылуын, залалсыздануын, шыбынға, кеміргіштерге қарсы дәрілеу, дератизациялануын қамтамасыз ету бойынша шараларды қабылдайды.

41. Контейнерлерден қоқыс шығаратын машинаға тиеу кезінде шашылып қалған қоқыстарды қатты тұрмыстық қалдықтарды шығаруды жүзеге асыратын үйымдардың жұмысшылары шығарады.

42. Вокзалдарда, базарларда, әуежайларда, саябақтарда, демалыс аймақтарында, аландарда, білім беру, денсаулық сактау мекемелерінде, көшелерде, қоғамдық жолаушылар көлігі аялдамаларында, сауда объектілерінің кіреберістерінде қоқысқа арналған құтылар орнатылады. Халық көп келетін орындарда құтылар бір бірінен кемінде 50 метр арақашықтықта; аулаларда, саябақтарда, аландарда 10-нан 100 метрге дейінгі арақашықтықта орнатылады. Жолаушылар көлігі аялдамаларында және сауда объектілерінің кіреберістерінде екі құтыдан орнатылады.

43. Құтыларды орнатуды, тазартуды және жууды аумақты пайдаланатын үйимдар немесе аумаққа иелік ететін немесе пайдаланатын үйимдар жүргізеді. Құтылар толу шамасына қарай, бірақ құніне бір реттен кем емес тазартылады.

Құтылар ластану шамасына қарай, бірақ аптасына бір реттен кем емес жуылады.

4-параграф. Көшелерді, тұрғын үй орамдарын және шағын аудандарды абаттандыру

44. Шағын аудандар мен кварталдардың тұрғын үй аймақтары қоқыс контейнерлерін қоятын, кір кептіретін, демалатын, балалар ойнайтын, спортпен айналысатын, үй жануарларын серуендетуге арналған алаңдармен, автотұрақтармен, көлік қоятын орындармен, жасыл аймақтармен жабдықталады.

45. Алаңдардың саны, орналасуы мен жабдықталуы құрылыш және санитариялық нормаларға сәйкес болуы тиіс.

5-параграф. Ғимараттар мен құрылыштардың қасбеттерін күтіп-ұстаяу

46. Қарамағында ғимараттар мен имараттары бар жеке және заңды тұлғалар, ғимараттар мен имараттардың меншік иелері көрсетілген объектілердің қасбеттерін және олардың жекелеген элементтерін (балкондар, лоджиялар, су ағатын құбырлар) қалпына келтіру, жөндеу және бояу бойынша жұмыстарды уақтылы жүргізуді қамтамасыз етеді, сондай-ақ қасбеттерде орналастырылған ақпараттық тақтайшаларды, ескерткіш тақталарды таза және дұрыс жағдайда ұстайды. Дүкендер мен кеңселердің көшелерге қасбеттермен шығатын витриналары жарықпен безендіріледі.

47. Гимараттардың қасбеттерін және олардың конструктивтік элементтерін өз бетінше қайта жабдықтауға жол берілмейді.

6- параграф. Сыртқы жарықтандыруды және субұрқактарды күтіп-ұстаяу

48. Көшелердің, жолдардың, алаңдардың, жағалаулардың және басқа жарықтандырылатын нысандардың сыртқы жарығын қосу жергілікті атқарушы орган бекіткен кесте бойынша табиғи жарық деңгейінің азауы кезінде кешкі ымырт кезінде 20 люкске дейін, ал сөнуі - таңғы күнгіртте 10 люкске дейін артуы к е з і н д е жүргізіледі.

49. Сыртқы жарық құрылғылары мен байланыс желілерінің элементтері, металл бағаналары, кронштейндер тазалықта ұсталып, тот басу ошағы болмай, сырлануы қажет. Жанып кеткен шамдарды ауыстыруды тиісті үйымдар жүзеге а с ы р а д ы .

50. Истен шыққан құрамында сынап бар газ разрядты шамдар осы мақсаттарға арналған арнайы бөлінген үй-жайларда сақталады және олар кәдеге жарату үшін арнайы кәсіпорындарға шығарылады. Көрсетілген шамдардың түрлері полигонға ш ы ғ а р ы л м а й д ы .

51. Электрлендірілген жарық және байланыс желілерінің құлап қалған бағаналарын шығаруды негізгі магистральдарда бағана иелері тез жүзеге

асырады; басқа аумақтарда, сондай-ақ бөлшектелген бағаналар - тәулік ішінде шығарылады.

52. Уәкілетті орган коммуналдық меншіктегі субұрқактардың тиісті жағдайын және пайдаланылуын қамтамасыз етеді.

53. Субұрқактарды қосу мерзімін, олардың жұмыс істеу тәртібін, тостағандарын жуу және тазарту кестесін, технологиялық үзілістерін және жұмыс істеуінің аяқталуын уәкілетті орган айқындайды.

54. Субұрқактар жұмыс істеп тұрған кезеңде судың беті күн сайын қоқыстан тазартылады. Пайдаланушы ұйымдар субұрқактарды олар жұмысын тоқтатқан кезеңде де тазалықта ұстайды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК